

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының шешімдерін орындау және заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2026 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2026 жылғы 25 ақпандағы № 23-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының шешімдерін орындау және заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2026 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілер тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

- 1) тізбеге сәйкес құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге енгізсін;
- 2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын;
- 3) ай сайын, 30-ы күнінен кешіктірмей тізбеге сәйкес құқықтық актілердің әзірленуі және қабылдануы туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген Заңды іске асыру жөніндегі жиынтық ақпаратты талдап, қорытындыласын және ай сайын, 5-і күнінен кешіктірмей жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

Премьер-Министр

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2026 жылғы 25 ақпандағы
№ 23-ө өкімімен бекітілген

Қабылдануы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының шешімдерін орындау және заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2026 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі

Р/с		Актінің нысаны	Орындалуына жауапты	Құқықтық актілерді сапалы, уақтылы әзірлеуге және
-----	--	----------------	---------------------	---

№	Құқықтық актінің атауы		мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	енгізуге жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1.	"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ҚМ	2026 жылғы наурыз	Қ.А. Әбубәкіров
2.	"Мемлекеттік қызметті өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 158 және "Мемлекеттік қызметшілердің мүлкін сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 18 мамырдағы № 116	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы	МҚІА (келісу бойынша)	2026 жылғы наурыз	С.С. Мүксімов

	бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы				
3.	"Активтерді заңсыз иемденуге және шығаруға қарсы іс-қимыл жасау, сондай-ақ қабылданған жүйелі шаралар жөніндегі жыл сайынғы ақпаратты дайындау және оны жариялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 9 қазандағы № 182 қбп бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығы	БП (келісу бойынша)	2026 жылғы наурыз	Ғ.А. Садырбеков

Ескерпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы;

ҚМ – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

МҚІА – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі.